

АВГУСТ

КОМИТЕТІНІҢ, ЕНБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

август Сенбі

жеке саны 20 тыйын
Шығуына 33 жыл

Транспорт қызметкерлерінің теміржолшылардың Бүкілодақтық күні құрметіндегі социалистік жарысы барған сайын кеңінен өрістеуде.

Москва—Курск темір жолының Москва—1 депосының коллективі жақында болатын мерекені жана еңбек тартуларымен атап өтуде. Паровоз бригадалары жыл басынан бері көптеген тонна отын үнемдеді. Үнемделген отынмен депоның барлық паровоз паркі 8 күн жұмыс істей алады. Мереке алдындағы жарыс күндерінде локомотив бригадалары паровоздардың орта тәуліктік жүріс нормаларын орта есеппен 50 километр арттырды. Жана технологияны енгізу, үнемшілдік үшін күрес, еңбек өнімділігін арттыру арқасында жыл басынан

бері депо коллективі 1.330 мың сом қаржы үнемдеді.

Оңтүстік магистральдің паровозшылары көмірдің ең кем дегенде 5 процентін үнемдеу жөнінде алған міндеттемелерін ойдағыдай орындауда. Үнемделген отын есебінен олар көзірдің өзінде-ақ 4 миллион сомнан аса қаржы үнемдеді. Көмір қалдықта рын—шала жанған көмірлерді пайдалану жолымен ғана 6,5 мың тонна көмір үнемделді.

Киров магистраліндегі Кимь станциясының паровоз депосының машинистері темір жолшылардың Бүкілодақтық күні құрметіне стахановтық вахтаға тұрды. Олар коммунизм құрылыстарына арналған Карель ағаштарын, оңтүстіктің колхоз егістіктеріне арналған апатиттер тиелген ауыр сал-

мақты поездарды шапшаң жүргізуде. Кимь машинистерінің июль айында жасалардан тыс тасыған жүктері үшін күн сайын ауыр салмақты 2 поезд, жасақтауға тура келер еді. Отынды үнемдеу есебінен он даған мың сом ақша үнемделді.

Поездарды барынша жақсы пайдалану жолында жарыса отырып, Свердлов жолының коллективі вагондар айналымын 7 сағат тездетуді қамтамасыз етуде. Свердлов—Сортировочная станциясында комплексті стахановтық жұмыс әдісін енгізу вагоншылардың вагондар өңдеуін 15 процент арттыруына мүмкіндік берді.

Паровозшылар, вагоншілер, жол және әртүрлі мамандықтың қызметкерлері өздерінің дақты мерекесін аброймен қарсы алуға әзірленуде. (СОТА).

ндарының гтер ын

Мамлют және оңтүстік өндіріс комбинаттарында. Бұл қуанарлық облыстық кәсіпшілік артельдердің басым нәтижесін шығару жөніндегі нәтижесін орындады. Бірақ, қаржы көрсеткіштері осындай болып отыр деген

көптеген жергілікті қысқы аяқкиімдер, шалбарлар, тоқыма сырты. Бұл жөніндегі тапсырмалар орындалып отыруы жеткілікті. Әйтседе, екінші тоқсанының тұтынушыларға аса қажетті өнімдердің өндірілуі ардың орындамай қалғандығын көреміз. Жергілікті қысқы аяқкиімдерде екінші тоқсанға 33-ақ процент орындалғаны айқын дәлелдейді.

Төрт өнеркәсіп орындарының өнімнің сапа көрсеткіштері жете назар аудар-

Жаңа бастама жақсы нәтиже

Аға технолог Василий Михайлович Паньковтың есімі шарғын дигательдер зауытының жұмысшыларының бәріне аян. Ол—жұмысшылардың үйретушісі, өндіріске жаңалық енгізушісі. Әрине, бұл оның еңбегіне берілген әділ баға.

Бұдан бұрын заводта 12 диаметрлік май соратын насос 25 миллиметрлік қалыңдықта жасалатын. Таңдаулы технолог Василий Михайлович бұл насосты 19 миллиметрлік қалыңдықта жасауды ұсынды. Біреулер:

—25 миллиметр мен 19 миллиметрдің арасында қандай айырмашылық бар?

Біреулер:

—Бұдан біз не ұтамыз?—деген сұрақтар қойды.

Өз ісінің шебері Василий Михайлович мұны тыянақты еңбекпен дәлелдеді. Ол май сору насосын жасайтын станоктың деталь кесетін бөлшегін өзгертіп, оны қысқартты. Сөйтіп, май сору насосын 25 миллиметрлік емес, 19 миллиметрлік мөлшерде шығаруға жетісті. Мұның өзі зауытта ай сайын 4700 килограмм металл, 10 мың сом қаржы үнемдеуге мүмкіндік туғызды.

Сол сияқты, ол быылдың өзінде зауытта 6 рационализаторлық ұсыныс жасап, жүздеген мың сомның пайдасын келтірді.

Ауылшаруашылық жұмыстарының жауапты кезеңі басталды

Облысымыздың егін даласында

МАМЛЮТНА

Ауданның алдыңғы қатарлы колхоздары егін жыйнауға мұқият әзірленіп, оған ұйымдасқан түрде кірісе бастады. Каганович атындағы колхозда екі комбайн егін жыйнауға қосылды. Бұл колхоз алғашқы күндердің ішінде 150 гектар көпжылдық шөп тұқымын жыйнады.

Сол сияқты, көпжылдық шөптің тұқымын жыйнауға Яданов атындағы, Вильямс атындағы және «Завет Ильича» колхоздары да кірісті.

ПОЛУДЕНЬ

Киров атындағы ауылшаруашылық артелинің мүшелері көпжылдық шөппен қал-

Жайбарақаттық та, жауапсыздық та осы

Бұрынғы төрт ауылшаруашылық артели бірігіп іріленген Ленин атындағы колхоздың мүшелері егіс кезінде және егінді баптап күтуде қажырлы еңбек етті. Со-

тар, арпа жыйнауға кірісті. Колхозда бұл жұмысқа екі комбайн қосылды.

СМИРНОВО

Каганович атындағы ауылшаруашылық артелинің мүшелері В. И. Ленин атындағы Еділ—Дон кеме қатынасы каналының ашылуы күнін егін жыйнау мен астық дайындауға әзірлікті толық аяқтаумен қарсы алды.

Жуырда колхозға Шағлы МТС-нің әрденді комбайншысы Иван Боротков жолдас өз комбайнымен келіп, көпжылдық екпе шөптің тұқымын жыйнауға кірісті. Ол 150 гектар алаңдағы көпжылдық екпе шөп тұқымын жыйнап болғанымен, бүгін дәнді дақылдарды ора бастады.

ескі қырман бар. Мұның біреуі ғана болды—болжас жөндеген. Жаңадан жабық қырман салуды ойлап отырған ешкім көрінбейді. Колхоз басшылары:

Жемшөп дайындауда аудандардың жарысы

ОБЛЫСТЫҚ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ
БАСҚАРМАСЫ МЕН СОВХОЗДАР
ТРЭСІНІҢ ОСЫ ЖЫЛҒЫ 1 АВГУСТКА
ДЕЙІНГІ МӘЛІМЕТІ
(Процент есебімен)

| Аудандар | Шайылған шөп (гектар есебімен) | Жемшөп дайындау жұмыстарының орындалуы | Шөп сүрту жоспарының орындалуы |
|--------------------------|--------------------------------|--|--------------------------------|
| Ленин | 69,5 | 57,5 | 7,4 |
| Петропавл | 66,8 | 26,4 | 7,1 |
| Мамлют | 66,7 | 33,7 | 13,8 |
| Полудень | 66,5 | 29,3 | 26,4 |
| Преснов | 63,3 | 35,2 | 7,1 |
| Конюхов | 60 | 22,5 | 17 |
| Булаев | 60 | 20,3 | 0,3 |
| Совет | 58,3 | 23,0 | 8,6 |
| Приешім | 56,3 | 35,7 | 11,6 |
| Соколов | 54,8 | 30,0 | 27,3 |
| Октябрь | 47,7 | 27,8 | 7,1 |
| Облыс совхоздары бойынша | 80 | 33,6 | 19,8 |

Қоғамдық мал шаруашылығы үшін берік жемшөп қорын жасау—бүгінгі таңдағы аса жауапты міндет. Өйткені, қысқа жетерлік жемшөп қорын дайындап алмайынша, мал санын оған сайын көбейтіп, оның өнімділігін арттыру мүмкін емес. Бірақ, жергілікті партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық орындары бұл

өрістетілген.

Солай бола тұрса да, жергілікті өнеркәсіп, облыстық кәсіпшілік және мүгедектер кооперациясы одақтарына қарасты барлық кәсіпорындары бірдей өздерінің ішінде тұрған міндеттерді бүгінгі талаптарға сай шешіп отырған жоқ.

Жалпы өнім шығару жөніндегі жоспар

Куйбышев су электр станциясына арналған турбиналар

ЛЕНИНГРАД. (СОТА). Бүгін Ленинградтың И. В. Сталин атындағы металл заводының су құрылысын байқау станциясының коллективі Куйбышев су электр станциясы үшін турбиналар монтажын жасауды аяқтады.

сы осы талаптарды тыңғылықты өтейтіндей дәрежеде болуы керек. Бұл үшін партия және кәсіподақ ұйымдары жұмысшылар коллективтерінің арасында социалистік жарысты пәрменді өрістетіп отырып, өндірісте барлық көрсеткіштер жөніндегі тапсырмалардың мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз етуге тиіс.

Жыл басынан бері станцияда үлкен зерттеу жұмыстары жүргізілді. Творчестволық зерттеу процесінің барысында соратын тру балардың ағызатын бөлектерін жасау жөніндегі міндеттер шешілді.

айлық тапсырманы мерзімінен алты күн бұрын орындады.

Каналдың ашылуы күні міндеттемеге сай қосымша үш паровоз жөндеуден шығарылып та үлгерді.

ҰЙЫМШЫЛ КОЛЛЕКТИВ

Булаев темір жол станциясы арқылы күні-түні жүк тиелген және жолаушылар поездары тоқтаусыз өтіп жатады. Кузнецкінің көмірі, Оралдың рудасы, Сибирьдің ағашы тиелген составтар станцияда ешбір бөгелмейді. Станция коллективі составтарды жылдамдатылған әдіспен өңдейді. Міне, олар өз мерекелерін осылай қарсы алуда.

Шмелев жолдастар) егін орағына әзірленіп те жайбарақаттықта.

Аталған колхоздарда жабық қырманға керекті құрылыс материалдарын сатып алу ұмыт қалған. Олар бірен-саран ескі қыриандардың сарайған-сарайған ағаштарына сеніп отыр. Бұл колхоздарда егін жыйнау мен астық дайындаудың жұмыс жоспары да жасалған жоқ.

Аудандағы 4 МТС-тің бірде-бірі комбайндарды колхоздарға жіберген жоқ. Өйткені, МТС-терде комбайн жөндеу әлі толық аяқталмай отыр. Преснов МТС-де 5 комбайн, Баян МТС-де 3 комбайн жөндеуден өткен жоқ.

—Қосалқы бөлшектер болмай тұр, — деседі МТС басшылары. Ал, сол жоқ бөл-


маков ж екі айдай

Жуырда «жолы» к шов жолд

—Егін бастамақп ді, — деді

—Жуырмаков :

Егін пі астық тат бар ма, с данының жыйнауға



1952 жылғы 27 шольде В. И. Ленин атындағы Еділ—Дон көме қатынасы каналы салтанатты түрде ашылды.

СУРЕТТЕ: (солдан оңға қарай) ССРО өзен флоты Министрі З. А. Шашков каналға кіре берістегі лентаны кесіп тұр. Каналда жолаушылар тасыйтын жолд

МЫСЫ

Масоров сынды неге ұнатпайды

— Мұнда жалғыз мен ғана жожа боламын, айтқаным екі болмауға тиіс.


Бұл Илья Федорович Масоровтың бұдан бірнеше жыл бұрын қалалық транспорт мекемесіне бастық болып келгенде коллективке айтқан сөзі еді.

Оның сөзі қандай болса, ісі де сондай. Ол «коллектив кішкене, менің қулық-сұмдығымды кім білер дейсің», деп ойлады да, ойын жүзеге асырды. Күні-түні арнаулы ат-арбасы өзін тұрды. Алайда, мекемедегі қызметіне кеш келіп, ерте кеткенмен, өз мүддесі үшін қала маңындағы колхоздарға жиі барып, қоғам дәулетіне суық қолын сұғып жүрді. Ол мекеме бухгалтері Ленинді бауырына тартты. Сөйтіп, өткен жылы колхоздан алған шөпті өзара бөлісіп алды.

Бұлар өздерінің жұмысындағы кемшіліктер мен қылмыстарын айтқан адамдарды ауызға қағып, қуғынға салды, қылметтен шығарды, еңақыры коллективтің қабырға газетін де өздерінің «бақылауына» алды. Ал, партия ұйымы мен жергілікті комитет мұндай жолсыздықтарды білетұра, оған ұзақ уақыт ешбір шара қолданбады, коллективтің дабылына құлақ аспай келді.

Дегенмен, коллективтегі жат қылықтарға төзе алмайтын адамдар Масоровтың және оның сыбайластарының теріс істерін бүркей алмады, партия, кәсіподақ жыйналыстарында сын көтерді.

Өткен жылы ноябрь айында болып өткен кәсіподақ ұйымының есеп беру сайлау жыйналысында коммунист Марчук жолдас Масоровтың төрешілігін, тағы басқа теріс қылықтарын, жұмысшылардың еңбек етуі үшін және тұрмыстарына қажетті жағдай жасауға немқетті қарайтындығын қатты сынады.



Октябрь ауданының орталығы — Марьевка селосында аудандық магазиннің құрылысы аяқталды. Қазір оның ішін ағартып, жыйнау жұмыстары жүргізіліп жатыр.

СУРЕТТЕ: аудандық магазиннің сыртқы көрінісі. Суретті түсірген А. Розенштейн.

Ұлы өзендер жалғасты

Еділ-Дон каналына

— Теңіз, өзен, көлдердің Тоғысқанын көз көрер.
Туар ма екен дәуір, күн Шелейт жерге су келер?
Деген халық арманы,
Орындалды—іске асты!
Ұлы Сталин заманы,
Бақытқа кең жол ашты.
Білдік шеше қолға алып,
Болашақ күн алғы ісін.
Тың жерлерден жол салып,
Жақын еттік алысын.
Батыр қолдың күшімен
Ұлы өзендер жалғасты,
Алып Цимлян ГЭС-нің
Жұлдыздары нұр шашты.
Большевиктің қамалды

Бар ма алмай қалғаны?!
Міне, тағы салынды
Еділ—Донның каналы.
Бір-бірімен ұштасқан
Теңіздер де көреміз!
Көтеріп данқын ұлы Отан
Келеді жүзіп кемеміз.
Сай-саладан төгіліп,
Құба жонға су ақты.
Балауса гүл егіліп,
Жайнатты өсіп жан-жақты,
Жылдан-жылға құлпырып
Жайнай түсер даламыз.
Отыр бастап бізді алға
Ұлы Сталин данамыз!

Рахметолла УАЛИЕВ.

Дүние жүзінің халықтары В. И. Ленин атындағы Еділ— Дон кеме қатынасы каналының ашылуын құттықтауда

РУМЫНИЯ

БУХАРЕСТ, 30 июль. (СОТА). Румыния газеттері В. И. Ленин атындағы Еділ—Дон кеме қатынасы каналының ашылуына қызу үн қосуда.

«Скынтейя» газеті басмақаласында «Еділ—Дон каналының ашылуы сөзет халқының мерекесі, бейбітшіліктің, мәдениеттің және прогрестің мерекесі, социалстік лагерь елдері халықтарының, бүкіл дүние жүзіндегі миллиондаған прогрестілі адамдардың мерекесі» деп жазды.

Совет елінің екі ұлы дариясын қосу туралы ежелгі арманды жүзеге асырып, Еділ—Дон каналының құрылысшылары техника, экономика және көркемдігі жағынан дүниеде теңдесі жоқ ұлы құрылыс салды. Дүние жүзінде миллиондаған адал ниетті адамдар коммунизм құрылысы маңынан алынған хабарларға аса қанағаттанғандықпен назар салуда.

Коммунизм құрылыстарының алғашқысы пайдалануға тапсырылды. Бұл жеңімпаздық қуанышты сөздер бүкіл дүние жүзінде айтылуда. Алдыңғы қатарлы аламант коммунизм құрылысының дем берушісі және басшысы, бейбітшіліктің ту ұстаушысы ұлы Сталинге сүйсігенілікпен алғыс айту да.

БОЛГАРИЯ

СОФИЯ, 30 июль. (СОТА). Болгария баспасөзі В. И. Ленин атындағы Еділ—Дон кеме қатынасы каналының ашылуына үн қосқан елдің атақты адамдарының көптеген мәлімдемелерін жариялауда.

Димитровтық сыйлықтың лауреаты профессор Ангел Балецкий «Работническо дело» газетінде былай деп жазды: «Ұлы Совет елінде адамзатты таңдадыратын және барлық адал ниетті адамдардың жүрегін қуаныш, мақтанш сезіміне бөлейтін істер істелуде. Мұндай алып құрылыстарды тек бейбітшілік елінде, ең озат техникалық елде, адамдардың еркі мен жігері игілікті творчестволық еңбекке бағытталған елде ғана салуға болады».

В. И. Ленин атындағы Еділ—Дон кеме қатынасы каналының салынуы, деп жазды қорытындысында Ангел Балецкий біздің де жеңісіміз екенін білеміз. Біз коммунистік қоғамды ойдағыдай орнатып жатқандықтан, оның ең ардақты идеяла-

Табысқа жетулеріңізге тілектеспіз

тарихының қысқаша курсін» үйренетін негізгі және жоғарғы типті үйірмелердің насихатшыларынан 74 адам оқыды.

Курстың тыңдаушылары тиісті оқу программасы бойынша партиямыздың тарихы мен теориясының, философиядан, халық аралық жағдайдан және ауылшаруашы-

ға облыстық партия комитетінің секторлары мен бөлім меңгерушілері, облыстық және қалалық партия комитеттерінің лекторлары, оқытушылар институтының мұғалімдері қатысты. Лекциялық сабақтар аяқталғаннан кейін насихатшылар өздерінің жұмыс тәжірибелері жөнінде пікір алысты.

Масоров пен оның сыбайластары туралы біздің естіп-білгеніміз осы. Аталған мекеменің адал қызметкерлер коллективі Масоров қашанға дейін өзі билеп-төстей бермек, қашан оның теріс істеріне тыйым салынады деген тілек білдіреді.

И. ФЕДОРОВ.

Жаңа оқу жылына әзірлікті ойдағыдай аяқтайық

Оқу жылы аяқталысымен-ақ облысымызда мектептерді, интернаттарды 1952—53 оқу жылына әзірлеу жұмыстары кеңінен өрістетілді. Совет ауданы еңбекшілерінің облыстың колхозшыларына, жұмысшыларына, қызметшілері мен қоғам ұйымдарына жазған мектептерді жаңа оқу жылына әзірлеу жөніндегі үндеуі облыс еңбекшілері арасында қызу қолдау тапты. Ауылдар мен селоларда, МТС-тер мен совхоздарда және жұмысшылар поселкелерінде мектептер мен интернаттарды оқу жылына мерзімінен бұрын әзірлеу жолындағы социалистік жарыс кеңінен өрістетілді.

Осының нәтижесінде облысымызда қоғам жұртшылығының көмегімен жөндеуге тиісті 537 мектептен 407 мектеп жөнделіп болды.

Мектептерге отын дайындау және дайындалған отынды мектептер қасына үй жөнінде де бірқатар жұмыстар істелі. 310 мектеп қысқа беректі отынмен толық қамтамасыз етілді, 140 мектепте беректі отынның 50 проценттен астамы дайын.

Мектептер үшін 70252 сомның оқу құралдары мен көрнекі құралдар, мектеп кітапханалары үшін 32.407 сомның кітабы сатылып алынды.

Мектептерді жаңа оқу жылына әзірлеу жөніндегі социалистік жарыста игілікті бастаманың жаршысы — Совет ауданы алда келеді. Мұнда 42 мектеп оқуды бастауға толық әзір отыр. Беректі отынның

90 проценті мектептер қасына тасылып үйілген, сондай-ақ, барлық мектеп мебельдері сапалы жөндеуден өткізілген.

Приешім ауданындағы Ленин орта мектебі, Ленин ауданындағы Покровка және Петровка жетіжылдық мектептері сыяқты басқа аудандардың жекелеген мектептері де оқу жылын жақсы әзірлікпен қарсы алғалы отыр.

Сонымен бірге, оқу орындары педагогикалық кадрларды дайындау және қайта дайындау жөнінде бірқатар маңызды шаралар жүргізді. Мұғалімдердің білімін жетілдіру институты жанынан ұйымдастырылған мамандық көтеру курсыне бастаушы мектептер мен орыс және қазақ мектептерінің тіл пәнінен сабақ беретін оқытушыларынан 270 адам оқын шықты. Педагогикалық оқу орындарының сырттан оқу бөлімдерінде 1020 адам оқын жүр.

Алайда, оқу жылына әзірлік барлық жерде бірдей жақсы деп айтуға болмайды. Мамлют және Приешім сыяқты бірқатар аудандарда мектептердің 50 проценті ғана, ал қалада бір-ақ мектеп оқу жылына толық әзір. Әресе, мектептерді күрделі жөндеуден өткізу ісі ойсыраған оқалықта отыр. Күрделі жөндеуге тиісті 40 мектеп үйінен 10-ақ мектеп үйінің жөндегендігі аудандық оқу бөлімдері мен мектеп басшыларының бұл мәселемен әлі де болса жеткілікті шұғылданбай отырғандығын көрсетеді.

Мектептерді оқу кітаптарымен қамта-

масыз ету жөнінде де осыны айтуға болады. Облыстық тұтынушылар одағы мектептерге оқу кітаптарын жеткізу қарқынын күшейте алмай келеді.

Сол сыяқты, мұғалімдер үшін үй салу жұмыстарының деркесінде аяқталмай қалу қаупі туып отыр. Жоспар бойынша жөндеуге тиісті 36 үйден күні бүгінге дейін небары 5 үй ғана жөнделіп болды.

Үстіміздегі жылы облыс мектептеріне педагогикалық қызметке педагогикалық училищені бітірген 150 оқытушы, оқытушылар институтын бітірген 113 оқытушы және педагогикалық жоғарғы оқу орындарын бітірген 23 оқытушы келуге тиіс. Ал, жас мамандарды лайықты қарсы алып, олардың біркелкі қызмет істеулеріне жағдай туғызу үшін пәтер үйлер мен қамтамасыз ету қажет болатынын өзгезі.

Міне, бұл айтылғандардың барлығы мектептер мен интернат үйлерін дайындауда дереу жөндеу керек ететін елеулі кемшіліктер бар екендігін көрсетеді.

Мектептерді жаңа оқу жылы қарсаңында деркесінде және сапалы жөндеу мемлекеттік маңызы зор іс. Мектеп қызметкерінің, оқу бөлімдері мен жергілікті Советтердің және әрбір еңбекшінің міндеті — мектептерді, интернаттарды жаңа оқу жылына әзірлеу ісінің мерзімінен бұрын аяқталуын қамтамасыз ету болып саналады.

А. ЩЕРБАКОВ,

Облыстық оқу бөлімінің меңгерушісі.

парат орнатылған. Киномеханик Суслов жолдас аудандық кинофикация бөлімінен жаңа кино пленкаларды алғызып, колхозшыларға кинофильмдерді сапалы көрсетіп тұрады.

Колхозшылар советтік жаңа фильмдерді сүйсіне көріп, киномеханик Суслов жолдас тың фильмдерді ұқыптылықпен сапалы көрсеткеніне ризалық білдіріп отырады.

Б. МҰСТАФИН.

қысыз. Түрлі кітап қойылған шынылы портреттер, плакатт ше көз тартады.

Оқу үйінде бір м аси және әдебиет к 200 адам кітапхана оқып тұрады.

ЖАҢА ТЕЛЕФОН АППАРАТЫН АЛДЫ

Булаев аудандық байланыс бөлімі жуырда жартылай автоматты және столға қойтын телефон аппараттарын алды. Қазір аудан орталығындағы мекемелер мен пәтер үйлерге жаңа телефон жолдарын тарту ісі қызу қолға алынды.

КОЛХОЗ Р.

«Ортақшы» ауыл (Конахов ауданы) пайдалануға берілді сағат жұмыс істейді үйлерінде ради

КИНОЛАРДА

«УДАРНИК» кинотеатрында

«ОКтябрь»

Бүгін және күн сайын

«ӨСЕКШІЛЕР МЕКТЕБІ»

Сеанстар 6-8-10-да басталады.

Бүгін және күн с

«ЖАС СПОРТШЕ

Сеанстар сағат 4

«ҚАЗТАБАКСЫРЬЕНЫҢ»

Петропавлдағы облыстық мекеме-лі және аудандық дайындау пункттері ажыратылады.

Шағым -арыздар 1952 жылғы 10 августқа дейін, Петропавл қаласындағы Дзержинский көшесі, 151-үйде және № 4-77 телефон арқылы қабылданады.

Петропавлдағы мектебі 1952—53 тәпьяно, скрипкадеріне оқушылар Осы жылғы 1-ка дейін мектепте жүрген оқушылар жүргізіледі.

Адрес: Пушкин

«Қазақстанның 10 жылдығы» артелінде құрылыста жұмыс істеу үшін түрлі жұмысшылар КЕРЕК.

Адрес: Петропавл қаласы, Базарбаев көшесі, 52-үй.

Уақытша жұм КЕРЕК. Жұмыс жайы қызыл Киров лпн түсінік алуға

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редакция — 1-87, редакторлар — 1-88, редакторлар — 1-89, редакторлар — 1-90, редакторлар — 1-91, редакторлар — 1-92, редакторлар — 1-93, редакторлар — 1-94, редакторлар — 1-95, редакторлар — 1-96, редакторлар — 1-97, редакторлар — 1-98, редакторлар — 1-99, редакторлар — 1-100. Редакторлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 0-22, газет табы